

Семинар хаттамасы

Тақырыбы: «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериалды бағалау талабы»

Өткізілген күні: 29.11.2024

Өткізу орны: Баишев мектеп-лицей

Жауапты тұлға: Шерипова А., Мендакулова А.

Қатысушылар саны: 23

Күн тәртібі

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы және, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген *Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериалды бағалау талабымен* мектеп ұжымын таныстыру.
2. Критериалды бағалау жүйесінің негіздері мен принциптері.
3. Білім беру үдерісінде критериалды бағалаудың маңызы
4. Практикалық мысалдар мен қолдану әдістері.
5. “Жолда жүру ережелері”, Өмір қауіпсіздік негіздері” оқу курсы
6. Талқылау және кері байланыс.

Семинар барысы

1. Ашылу сөзі

Жауапты тұлғалар Шерипова А., Мендакулова А., қатысушыларды қарсы алып, семинардың мақсаты мен міндеттері туралы ақпарат берді.

2. Негізгі бөлім:

- Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты – оқушылардың білімін объективті бағалау және оқу үдерісін жақсарту.
- Бағалау критерийлерін әзірлеу әдістері: айқындылығы, нақтылығы, өлшемділігі.
- Оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын дамыту.
- Практикалық мысалдар: бағалау парақшалары, рубрикаторлар.
- “Жолда жүру ережелері”, Өмір қауіпсіздік негіздері” оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі.

3. Практикалық жұмыс:

Қатысушылар топтарға бөлініп, критериалды бағалау критерийлерін жасауға қатысты. Әр топ өз жұмысын қорғап, талқылауға қатысты.

4. Талқылау:

Қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, критериалды бағалаудың, Жолда жүру ережелері”, Өмір қауіпсіздік негіздері” оқу курсы міндетті меңгеру қажет екендігі ескертілді. Сонымен қатар аталған қағидалардың тиімділігі туралы ойларын ортаға салды.

Қорытынды:

- Критериалды бағалау – оқушылардың оқу мотивациясын арттыратын тиімді құрал.
- Семинар барысында қатысушылар бағалау жүйесін, стандартты жүзеге асыруды қолдану бойынша жаңа білім мен тәжірибе алды.

Келесі қадамдар:

- Жаңа әдістерді оқу үдерісінде қолдану.
- Бағалау критерийлерін жетілдіру.

Хаттама жасаған:

29.11.2024



Мендакулова А.С









